

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.3. - Б.83-85

КӘСІПТІК СТАНДАРТТАР МЕН БІЛІКТІЛІКТЕРДІҢ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУДІҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Хамитов Н.М.

Қазіргі уақытта Қазақстанда іс жүзінде қазақстандық экономика мен әлеуметтік саланың барлық салаларын қамтитын қызметкерлер біліктіліктерінің ұлттық жүйесін кең көлемді жаңарту мен кәсіптік стандарттар жүйесін қалыптастыру жүзеге асырылуда. Жуырдағы уақытта барлығы үшін үйреншікті біліктілік анықтамалықтарын кәсіптік стандарттармен алмастыру жоспарлануда. Дүние жүзіндегі дамыған мемлекеттер өздерінің бәсекеге қабілеттілігін неғұрлым жоғары кәсіптік деңгейдегі еңбек ресурстарын дайындау жолымен арттырады. Қазіргі заманның технологиялық жетістіктері жұмыс күші нарығындағы стандартты біліктілік талаптарын ауыстырады және өзіне оқыту процесін жеделдету мүмкіндіктерін алады. Экономикалық прогресс пен индустриялық – инновациялық сатыға өту экономика құрылымының өзгеруімен және еңбек нарығын түрлендірумен және білікті жұмыс күшіне сұраныстың артуымен қатар жүреді.

Жұмыс берушілер тарапынан дайындық пен іс-тәжірибелік дағдылар деңгейіне қойылатын талаптардың өсуі көбінде жұмысқа орналасуға мұқтаж мамандардың кәсіптік құзыреттеріне сәйкес келмейді. Осыған байланысты бос жұмыс орындары сақталуда.

Еңбек нарығын түрлендірудің себебі жұмыс берушілердің талаптары мен қызметкерлердің кәсіптік дайындық деңгейінің сәйкессіздігі. Бұл үйлесімсіздікті жою үшін жұмыс берушілердің тікелей қатысуымен нормативтерге елеулі өзгерістер енгізу – біліктіліктердің жаңа жүйесін жасау мен өндірістің заманауи талаптарына сәйкес келетін және мамандар дайындау сапасын арттыруға бағытталған кәсіптік стандарттар әзірлеу керек.

Еңбек қорғаудың нормалық (мөлшерлік) құжаттарының бірі еңбек қауіпсіздігінің стандарттары.

Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі:

- еңбек қауіпсіздігінің талаптарын белгілейді;
- зиянды және қауіпті факторлардың мөлшерлері мен талаптарын белгілейді;
- жабдықтарға, технологиялық үрдістерге, жұмысшылардың қорғану құралдарына қойылатын талаптарды белгілейді;

– ғимараттар мен құрылыстардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды белгілейді.

Кәсіптік стандарттарды енгізу мақсаты – қазақстандық мамандықтарды халықаралық талаптармен қатар қойып, салыстыру. Қолданыстағы Біліктілік анықтамалықтары кем дегенде екі себептен ескірді: олардағы кәсіптерге қойылатын талаптар көбінде өмір шындығына сәйкес келмейді; көптеген жаңа кәсіптер пайда болды.

Кіші кәсіпорындарда, акционерлік қоғамдарда, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде, басқа да ауыл шаруашылығы мекемелерінде еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесін енгізуді әкімшілік белгілі бір жауапты адамға тапсырады. Ол осы жұмыс бойынша жоспар құрып, мекеме басшысына бекіттіреді. Жоспарда фермалардың, цехтардың, бөлімшелердің санитарлық техникалық жағдайын паспорттау, еңбек қорғаудың құралдарының тізімі және оларды әркез жарамды етіп ұстау мәселелері қаралады. Сондай-ақ стандарттарды енгізу мерзімі және қолдануға үйрету мәселелері енеді. Стандарттарды енгізу жұмыстарына мекеме басшы мен бас инженер жалпы басшылық жасап отырады.

Кәсіптік стандарттар жүйесі кадрлық тапшылық проблемасын шешуге мүмкіндік береді деп ұйғарылып отыр, өйткені ол білім беру жүйесін еңбек нарығы талаптарына қарай «бейімдеуге» бағытталатын болды.

2013 жылғы кәсіптік стандарттарды әзірлеу басталды, бұған мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінді.

Кәзіргі кезде кәсіптік стандарттарды әзірлеу басталды, бұған мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінді. Кәсіптік стандарттарды әзірлеу кәсіптік қызмет мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды жасап шығару, еңбектің заманауи нарығы қажеттіліктеріне жауап беретін біліктілік талаптарын жаңарту үшін қажет. Дүниежүзілік іс-тәжірибеге сәйкес жоғары оқу орындардың түлектері жұмыс берушілер қауымдастығында кәсіби дайындығы деңгейін растағаннан кейін ғана кәсіптік қызметке жіберіледі деп бағытталған [1].

Басқа да елдердегі сияқты, Қазақстанда кәсіптік стандарттарды әзірлеу мен енгізудің объективті қажеттігі тұрақты технологиялық өзгерістерден, еңбек өнімділігі мен өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы адам факторы маңызының өсуінен туындады. Кәсіби стандарттар мамандар дайындау сапасын арттыру және заманауи өндірістің керекті бейін мен біліктіліктің керекті деңгейіндегі мамандарды қажетсінуін қанағаттандыру үшін қажет. Бұл мәселелерді шешу үшін 2011 жылдан бастап Қазақстан Республикасы мен жаңғырту және дамытудың Халықаралық банкінің арасында жасалған несие туралы (техникалық және кәсіптік білім беруді жаңғырту жобасы) Келісім іске асырылуда, Келісім мына мақсатпен тауарлар, сабағаттық қызметтер көрсету мен оқытуды ұсынуды көздейді:

- кәсіптік стандарттарды әзірлеу мен біліктілікті бағалау жүйесін қайта қарау;
- ұлттық біліктілік жүйесі мен ұлттық біліктілік шеңберін жасау;

- тәуелсіз институттық аккредиттеу әдістері мен рәсімдерін әзірлеу мен енгізу.

Кәсіптік стандарттардың бар болуы экономикалық қызметтің/кәсіптік қызмет саласының нақты түрі үшін кәсіптердің қағидаттық жағынан жаңа жіктеуішін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Кәсіби стандарттар әзірлеу үдерісінде қызметкерлер мен жұмыс берушілерде еңбек қызметін жаңарту мен нақтыландыру болып өтеді. Кәсіптік стандарттар қызметкерлердің кәсіпқойлығын бақылауға, қызметтің белгілі бір саласында сапа стандарттарын ұстап тұруға және жақсартуға мүмкіндік береді.

Кәсіптік стандарттарды әзірлеу кәсіптік қызметтің нақты саласында орындалуы тиіс функцияларды айқындауды ұйғарады. Стандарттарды қалыптастырудың аттанар нүктесі – еңбек қызметіне талдау жасау, оның барысында тиісті сала қызметкерлерінің еңбек функциялары мен олардың орындалу сапасына қойылатын талаптар анықталады.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік менеджменті жүйесі өте маңызды болып табылады, өйткені ол жұмыс орнында қауіпсіздік жөніндегі нұсқауларды береді және осы салаларда жұмыс істейтін қызметкерлердің денсаулығын сақтауға себеп болады [2].

Кәсіптік стандарттар білім беру стандарттарының негізіне аналуды тиіс және мұнда жұмыс берушілердің қатысуы маңызды рөл атқарады. Болашақта мамандарды сапалы деңгейде дайындау жолында жұмыс берушілердің тікелей қатысуымен оқу бағдарламаға күрделі өзгерістер енгізіп және біліктіліктердің жаңа жүйесін жасаумен өндірістің замануи талаптарына сәйкес келетін кәсіптік стандарттар әзірлеу керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Дуйсенова Т.К. Разработка профессиональных стандартов - вление времени // Казахстанская правда. - 2013. -№ 295 (27569)17 қазан).- 4б.

2. Inan, Umut Hulusi. Gul, Sait, Yilmaz, Hafize. A multiple attribute decision model to compare the firms occupational health and safety management perspectives. SAFETYSCIENCE, Volume 91, JAN 2017, Pages: 221-231.